

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы 2011 жылғы және 2012 жылдың I тоқсанындағы қызметінің қорытындылары туралы» тақырыбында 2012 жылғы 21 мамырда өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша ҰСЫНЫСТАР

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі В.К.Божконың баяндамасын тыңдап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне «Азаматтық қорғау туралы» біріктірілген Заң жобасын белгіленген мерзімдерде енгізуді қамтамасыз етсін.

2. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігін және Алматы қаласының, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және республиканың батыс өңірлерінің әкімдіктерін қатыстыра отырып, ғимараттар мен құрылыстарды сейсмикалық тексеру, сейсмикалық нығайтудың жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жөнінде жұмыстар ұйымдастырсын;

3. ТЖМ Көкшетау техникалық институтын білікті оқытушылармен, заманауи оқу және ғылыми-әдістемелік базалармен қамтамасыз ету, сондай-ақ институтта шет мемлекеттердің тыңдаушыларын оқытуды есепке алғанда, курсанттарды оқытуға мемлекеттік білім тапсырысын ұлғайту жолымен оның білім беру әлеуетін дамыту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Мыналарға:

- ел аумағында халықты кепілдендірілген қорғауға қажет өрт сөндіру деполарын мен суда құтқару станцияларын кезең-кезеңімен салуға;

- ТЖМ құтқару және өртке қарсы қызметтерінің материалдық-техникалық жарақталу деңгейін Үкімет бекіткен тиесілік нормоларына кезең-кезеңімен жеткізуге;

- құтқару авиациясының әуе паркін жаңарту мен оны күтіп-ұстау инфрақұрылымын құруға;

- республиканың барлық облыстарында ахуалдық-дағдарыстық орталықтарды байланыс және хабарлаудың заманауи техникалық құралдарымен жабдықтауға;

- мемлекеттік материалдық резервтердің жеткілікті көлемін, ең алдымен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды шұғыл жоюға

арналған резервтер, сондай-ақ шұғыл резервтер және ұзақ сақталатын резервтер қалыптастыруға қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастырсын;

5. Мыналарды:

- еліміздің батыс өңірінде мемлекеттік материалдық резервті көп бейінді сақтау базасын және Азаматтық қорғаныстың құтқару-инженерлік орталығын құру;

- республиканың сел қаупі бар учаскелерінде, ең алдымен, Хоргос өзенінде инженерлік-қорғау ғимараттарын салу;

- төтенше жағдайларға, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару бекеттерінде жедел медициналық көмек жүйесін дамыту мәселелерін қарастырсын.